

«Ата Заң-ел дамуының кепілі» атты кітап көрмесінің

Х А Т Т А М А С Ы: № 1

Өткен күні: 29 тамыз

Уақыты: 11.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. **30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай «Ата Заң-ел дамуының кепілі»** атты кітап көрмесінде кітапхана қорында сақталған кітаптар мен мерзімді басылымдар беттерінде жарияланған мақалалар қойылды.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы білім беру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, Ата Заңға деген құрмет сезімін ояту. Оқырмандардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

«Ата Заң-ел дамуының кепілі»

Көрменің тақырыбы: «Ата Заң-ел дамуының кепілі»

Мақсаты: Ата заң туралы тәрбиеленушілердің түсініктерін кеңейту. Заңның өмірмен байланысын түсіндіру. Отанын қорғауға, сүйеге еліміздің рәміздерін қастерлеп, халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін сақтап, Ата заңымызды құрметтеп, ұлтжандылыққа, достыққа тәрбиелеу. Сұрақ беру арқылы балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру.

Кітапханашы: Құрметті оқырмандар, ұстаздар, оқушылар және қонақтар Конституция күніне арналған «Ата Заң-ел дамуының кепілі» атты кітап көрмемізге қош келдіңіздер.

Конституция туралы толық мағұлмат беру.

Бұл құжат еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бас болуымен қабылданды. Мемлекетіміздің құрылымын нығайтып, біздің міндеттеріміз бен құқықтарымызды айқындап берді. Гуманизм, әділеттілік, өзара қарым-қатынас принциптерін белгіледі.

ҚР Конституциясы-мемлекет негізінің іргетасы. Конституция бүгін мемлекетімізді мекендейтін халықтардың тыныш әрі бейбіт өмір сүруінің кепілі болып отыр. Ата заң аясында алтын дала-Қазақстан әлем елдері алдында экономикалық реформалар жүргізу мен демократиялық қоғам қалыптастыруда, әр түрлі ұлт өкілдерінің бейбіт өмір сүруі және әлеуметтік мәселелердің оң шешім табуы жөнінен үлгі болып отыр.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының мәжілісінде еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болашақ Ата заңның басымдылықтарын баяндап берді. Бұдан кейін бүкілхалықтық талдау жариялау үшін жарияланған жаңа Конституцияның жобасы бойынша республика азаматтарын отыз мыңға жуық ұсыныстар келіп түсті. 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдумда жаңа Конституцияның қабылдауын (30 тамыз) еліміздің негізгі Ата Заңы Конституция мемлекетімізге, оның органдары мен ұйымдарына, бүкіл республика жұртылығын қызмет етуін атап өтуге тұрарлық алғашық бір мерейлі мәжілісіне де жетті.

Қазақстан Республикасының Конституциясының , оның мазмұндық құрылымын көз алдымызға тағы бір елестетер болса, 98 бапты өз бойына қамтитын тоғыз бөлімнен тұрады.

- 1- бөлім: Жалпы ережелер;
- 2- бөлім: Адам және адамзат;
- 3- бөлім: Президент;
- 4- бөлім: Парламент;
- 5- бөлім: Үкімет;
- 6- бөлім: Конституциялық кеңес;
- 7- бөлім: Соттар және сот төрелігі;
- 8- бөлім: Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін- өзі басқару;
- 9- бөлім: Қорытынды және өтпелі ережелер.

Мұндай бөлімдердің бәрінде де мемлекеттік құрылысымыздың тұрпаты, ретпен орналасқан саяси басқару жүйесінің міндеттері мен қызметтері, Қазақстан қоғамындағы адамдардың, азаматтарды, құқықтары мен бостандықтары заңнамалық түзіліске түскен

Кітапханашы:

Құрметті оқырмандар, ұстаздар, оқушылар және қонақтар! Сіздерді тағы да ата заңымыз қабылданған **«Конституция күнімен»** шын жүректен құттықтаймыз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қош сау болыңыздар!

«Ата Заң-ел дамуының кепілі» атты кітап көрмесінің

М Ә Л І М Е Т І

29 тамыз «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай «Ата Заң-ел дамуының кепілі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Ата Заң-ел дамуының кепілі» атты кітап көрмесінде кітапхана қорында сақталған кітаптар мен мерзімді басылымдар беттерінде жарияланған мақалалар қойылды.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы білім беру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, Ата Заңға деген құрмет сезімін ояту. Оқырмандардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру.



1-қыркүйек Білім күні «Мектебім мейірім-мекенім!»

Х А Т Т А М А С Ы: № 2

Өткен күні: 2 қыркүйек

Уақыты: 13.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» кітапханасы

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен 1-қыркүйек Білім күні «Мектебім мейірім-мекенім!» атты кітапханаға саяхат ұйымдастырылды. Кітапханаға саяхат барысында оқушыларды кітапханамен таныстырып, кітапхана ережелерімен, міндеттерін айтып өтті, Адамның рухани жан азығы саналатын кітап оқуға дағдылану әрі оның таңдап, талдап оқу қаншалықты пайдалы болса, оны асыл мұрадай сақтап, күтіп ұстау да соншалықты қажет нәрсе екені айтылды.

Мақсаты: Мақсатымыз: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітап әлемі туралы түсінік беріп, кітапхана өмірімен таныстыру.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

1-қыркүйек Білім күні «Мектебім мейірім-мекенім!»

кітапханаға саяхат

Кітапханашы: Құрметті оқушылар!

Бүгін кітаптар әлемінде қонақтасындар. Кітапханадағы неше түрлі түсті кітаптар, газет-журналдар сендерді күтіп тұр. Сендер мына сөрелерде көріп тұрған кітаптар неше түрлі, бірақ әрбір кітаптың өзінің орны бар. Мысалы орысша, қазақша кітаптап әр қайсысы бөлек тұрады және әр кітап алфавит бойынша тұрады. Одан басқа балалар кітаптары жеке мына жерде тұрады.

Кітапханада кітап көрмесі, жазушылардың туылған күндеріне, неше түрлі тақырыптарға ұйымдастырылады.

Оқушы кітапханаға бірінші рет келіп, кітап алғанда алған кітаптарын формулярға жазады.

Формулярлар класс бойынша қойылады.

Әр кітапханада кітапханалық ережесі бар.Бүгін сол ережемен таныстырып өтейін.

-Кітап оқырда орындыққа түзу отыр

-Кітап беттерінің бұрыштарын бүктеме

-Кітап мұқабасы бүлінбес үшін қаптап ал

-Кітап беттерін жыртпа

-Кітапқа сурет салма,жазба

-Кітапты ешқашан тамақ ішіп отырғанда,бөлменің жарығы нашар болғанда және жатып алып оқуға болмайды

-Кітапты жәй,асықпай ой жүгіртіп оқысаң жақсы түсінесің

-Кітапты арасынан теріп оқымай,соңына дейін оқы

-Кітап беттерінің арасына қарындаш,калам салма

-Кітапханада шулауға болмайды,өйткені басқа оқырмандарға кедергі келтіресің

-Кітапты уақытында қайтару керек,әйтпесе басқа оқырмандар күтіп қалады

-Кітапты жоғалтып алма

1-қыркүйек Білім күні «Мектебім мейірім-мекенім!»

МӘЛІМЕТ

2 қыркүйек «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен, 1-қыркүйек Білім күніне орай «Мектебім мейірім-мекенім!» атты кітапханаға саяхат ұйымдастырылды.

Кітапханаға саяхат барысында оқушыларды кітапханамен таныстырып, кітапхана ережелерімен, міндеттерін айтып өтті, Адамның рухани жан азығы саналатын кітап оқуға дағдылану әрі оның таңдап, талдап оқу қаншалықты пайдалы болса, оны асыл мұрадай сақтап, күтіп ұстау да соншалықты қажет нәрсе екені айтылды.

Мақсаты: Мақсатымыз: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітап әлемі туралы түсінік беріп, кітапхана өмірімен таныстыру.



«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі»

5 қыркүйек Тілдер күніне арналған іс-шараның

Х А Т Т А М А С Ы: № 3

Өткен күні: 5 қыркүйек

Уақыты: 12.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» кітапханасы

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен 5 қыркүйек Тілдер күніне орай «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты іс-шара ұйымдастырылды. Қазақстан халқы тілдері күні – еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің достығы мен бірлігін айқындайтын, тілдің кәдірін дәріптейтін айтулы мерекелердің бірі. Тіл мерекесінің басты мақсаты – мемлекеттік тілді дамыту, халықтар арасындағы татулық пен өзара сыйластықты арттыру, әрбір этностың ана тіліне деген құрметін қалыптастыру. Әр халықтың өз тілі бар. Тіл арқылы ұлттың тарихы, мәдениеті, дүниетанымы мен салт-дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Қазақ халқы үшін де тіл – ұлттық болмыстың негізі, елдіктің тірегі. Ұлы ойшыл Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады» деген болатын. Бұл сөздің мәні зор. Тілді сақтау – халықтың болашағын сақтау деген сөз.

Мақсаты: Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі»

Мақсаты:

- Оқушыларды ана тілімізді құрметтеуге, елдің болашағына бейжай қарамауға тәрбиелеу;
- Қазақстандағы ұлттар достығын дәріптеу;
- Тіл арқылы бірлікті нығайту, көптілділікке қызығушылық ояту.

Жүргізуші:

– Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Бүгін біз ерекше мерекеге жиналдык. 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні. Бұл күн – қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні.

– Тіл – әр халықтың жаны, болмысы, мәдениеті мен тарихы.

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

II. Негізгі бөлім

1. Әдеби композиция

Оқушы 1:

– Туған тілім-бабам тілі-өз тілім,
Туған тілім-анам тілі-өз тілім.
Туған тілім-далам тілі-өз тілім,
Туған тілім-адам тілі-өз тілім.

Оқушы 2:

– Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!

2. Ахмет Байтұрсынұлы туралы қысқаша дерек

Жүргізуші:

– Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ұлы ғалымы, ұстазы, тіл жанашыры. Ол қазақ әліпбиін түзеп, алғашқы оқулықтарды жазды. Сондықтан да Тілдер мерекесін дәл осы күні атап өтеміз.

3. Викторина ойыны – «Тіл өнері – діл өнері»

Сұрақтар:

1. Қазақстанда қанша этнос тұрады? (130-дан астам)
2. Мемлекеттік тіл қай тіл? (Қазақ тілі)
3. «Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас» – қандай сөз өнері түрі? (Мақал-мәтел)
4. «Жеті қазынаның» бірін ата. (Ит, қыран, т.б.)
5. Ағылшынша «Білім» сөзі қалай айтылады? (Knowledge)

Жүргізуші:

– Бүгін біз тілдің ел бірлігін сақтаудағы маңызы туралы айттық. Қазақстан – көпұлтты мемлекет, онда әрбір халықтың тілі, дәстүрі құрметтеледі. Бірақ барлығын біріктіретін – мемлекеттік тіл, ол – қазақ тілі.

– «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» – деген қанатты сөзді әрқашан есте сақтайық.

Бүгінгі тіл мерекесіне арналаған кешімізді жабық деп жариялаймыз.

Тыңдағандарыңызға рақмет!

Қош сау болыңыздар!

«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі»

5 қыркүйек Тілдер күніне арналған іс-шараның

МӘЛІМЕТІ

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен 5 қыркүйек Тілдер күніне орай «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар мерекенің тарихы, Ахмет Байтұрсыновтың қазақ лингвистикасы мен әдебиеттануын дамытудағы рөлі, араб графикасы негізінде Қазақ жазуын реформалау туралы білді. Іс-шара барысында қазақ және орыс тілдерінде Отан туралы өлеңдер, мақал-мәтелдер айтылды.

Мақсаты: Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу.



1-сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру

«КІТАПХАНАҒА САЯХАТ»

ХАТТАМАСЫ: № 4

Өткен күні: 12 қыркүйек

Уақыты: 13.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» кітапханасы

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен 1-сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру мақсатында «Кітапханаға саяхат» ұйымдастырды. Кітапханаға саяхат барысында оқушыларды кітапханамен таныстырып, кітапхана ережелерімен, міндеттерін айтып өтті, Адамның рухани жан азығы саналатын кітап оқуға дағдылану әрі оның таңдап, талдап оқу қаншалықты пайдалы болса, оны асыл мұрадай сақтап, күтіп ұстау да соншалықты қажет нәрсе екені айтылды.

Мақсаты: Мақсатымыз: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітап әлемі туралы түсінік беріп, кітапхана өмірімен таныстыру.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

Кітапханаға саяхат

1 сынып оқушыларына арналған кітапханаға саяхат

Мақсаты: Оқушыларды кітапханамен таныстыру. Білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, оны күтіп ұстауға үйрету.

Кітапханашы: Сәлеметсіңдерме оқушылар! Мен сендерді қызықты саяхатқа шақыру үшін келдім. Балалар сендер біздің мектебімізде қандай қызықты жерлер бар екенін білетін шығарсыңдар?!

Оқушылар: Акт залы, спорт зал, асхана... және т.б.

Кітапханашы: Дұрыс айтасыңдар, сендер ол жерлерде болдыңдар. Ал мен сендерді одан да қызықты, сендер әлі бармаған жерге саяхатқа шақырамын. Ол қай жер деп ойлайсыңдар? Мүмкін біреулерің білетін шығарсыңдар?

Оқушылар: Кітапхана.

Кітапханашы: Балалар кім біледі кітапхана деген не және ол не үшін керек?

Оқушылар: Кітапханада әртүрлі кітаптар, журналдар сақталады. Оларды алып қарауға және оқуға болады.

Кітапханашы: Дұрыс айтасыңдар балалар!

Кітапханашы: Балалар кітапхана деген не екенін есімізге түсірейікші. «Кітапхана» деген сөз «кітап» және «хана» деген екі сөздің қосындысынан тұрады, яғни кітап сақтаушы орын дегенді білдіреді.

Кітапханашы: Кітапханадағы әрбір кітаптың өз құжаты болады. Сендердің ата-аналарыңда қандай құжаттар бар? Онда не жазылған?

Оқушылар: Жеке құжат, жүргізуші куәлігі.

Кітапханашы: Міне, кітаптардың да «каталогтық картотека» деген өз құжаттары бар. Қалай ойлайсыңдар, онда не жазылады? Біз кітап туралы не білуіміз керек?

Оқушылар: Онда кітаптың атауы мен авторы жазылу керек.

Кітапханашы: Дұрыс айтасыңдар каталогтық карточкада сондай-ақ

кітаптың қай жылы, қайда басылып шыққаны туралы жазылады.
Карточкаларды қарап шығыңдар.

Кітапханашы: Бұл карточкалар арнайы жәшіктерде сақталады. Жәшіктерді жылжытып карточкаларды қарап шығуларыңа болады. Бізге керек карточканы қалай тауып алуға болады? Біз бұл кітаптардың қайда тұратынын қайдан білеміз?

(Балалар өз жауаптарын ұсынады).

Кітапханашы: Балалар ойлап қарандаршы егер біздің кітап сөрелеріміз бос болса қалай болар еді? Біз кітаптарды әкелдік және бізге оларды орналастыру керек. Біз оны қалай істейміз? Кәне ойлаңдар кітаптар қандай болады?

(Кітапханашы жануарлар мен табиғат туралы кітаптарды көрсетеді. Кітаптарды жүйелі түрде орналастыру тәсіліне үйренеді).

Кейбір кітапханаларда кітаптар жүйелі түрде орналасады. Біздің кітапханамызда үлкендерге арналған кітаптар осындай тәсілмен орналасқан. Біз бұл сөреге кітаптардың мұқабасын көрсетіп қойдық. Қалай ойлайсыңдар бұл сөреде қандай кітаптар тұр? *(Кітапханашы мұқабасында спортпен шұғылданып жатқан балалардың суреті бар сөрені көрсетеді).*

Оқушылар: Спорт, дене шынықтыру туралы.

Кітапханашы: Дұрыс айтасыңдар. Енді назарларыңды мына сөреге аударыңдар. Мұнда балаларға арналған кітаптар орналасқан. Олар тақырып бойынша орналастырылмаған. Сендерге тағы бір кітапханалық құпияны ашайын. Мына бөлгіштер не үшін деп ойлайсыңдар? Онда не жазылған?

Оқушылар: Әріптер.

Кітапханашы: Кітапханада кітаптар әріп бойынша, яғни автордың фамилиясының алғашқы әрібі бойынша орналасады. Тексеріп көрейікші. Әліпбидегі алғашқы және соңғы әріп естерінде шығар.

Оқушылар: «А» және «Я»

Кітапханашы: Ендеше Бердібек Соқпақбаевтің кітабын тауып көрейік. Қай әріптен іздеуге болады?

Оқушылар: «С» әрібінен.

Кітапханашы: Жарайсыңдар! Ал енді кітапхананың қолдану ережесімен танысайық:

- Кітапхана оқырмандарға уақытша қолдануға кітаптарды беруге міндетті;
- Кітапхананы оқушылар мен мектеп қызметкерлері қолдануға құқықты;
- Кітапхананы қолдану тегін;
- Кітаптарды үйге алып оқуға болады, ал оқырман залындағы әдебиеттер үйге берілмейді.
- Энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалар тек оқырман залында беріледі;
- Әр оқырманға жеке оқу формуляры беріледі;
- Оқырман формуляры кітаптарды қашан және қай мерзімде қайтару туралы жазылатын құжат ретінде сақталады;
- Оқырман кітапхана кітаптарын жоғалқан немесе жыртықан кезде олардың ақысын немесе дәл сондай кітап беруге тиіс;
- Үйге берілген оқулықтар шектеулі уақыт арасында қайтарылуы керек.

Оқырмандар міндетті:

- Кітапхананы қолдану ережесін сақтауға;
- Кітапханадан алған әдебиеттерді берілген мерзімде қайтаруға;
- Кітапханадан кітапханашының рұқсатынсыз кітап алып кетпеуге;
- Кітаптарды бүлдірмеуге, оларға жазбауға, беттерін жыртыпауға;

- Кітапханаға үлкен портфельмен, сөмкемен, сырт киіммен және тамақпен кірмеуге.

Кітап қоғамдық меншік. Ол көп жылдар бойы қызмет ету керек. Сондықтан:

- Кітапты ұқыпты ұста.
- Кітап таза, әрі тысқалған болуы тиіс.
- Кітапты таза қолмен оқы.
- Тамақ ішіп отырып кітап оқыма.
- Кітаптың беттерін бүктеме.
- Кітаптың ортасына қалам, қарандаш, дәптер салма.
- Жыртылған кітаптыыыыы желімде.
- Кітапқа жазулар жазба.
- Кітапты шкафта немесе сөреде сақта.
- Алған кітапты уақытында тапсыр.

1-қыркүйек Білім күні «Мектебім мейірім-мекенім!»

М Ә Л І М Е Т

12 қыркүйек күні «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен 1-сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру мақсатында «Кітапханаға саяхат» ұйымдастырды. Кітапханаға саяхат барысында оқушыларды кітапханамен таныстырып, кітапхана ережелерімен, міндеттерін айтып өтті, Адамның рухани жан азығы саналатын кітап оқуға дағдылану әрі оның таңдап, талдап оқу қаншалықты пайдалы болса, оны асыл мұрадай сақтап, күтіп ұстау да соншалықты қажет нәрсе екені айтылды.

Мақсаты: Мақсатымыз: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітап әлемі туралы түсінік беріп, кітапхана өмірімен таныстыру.



Кітап оқу, оқуды ілгерілету кітап оқу сағаты

Х А Т Т А М А С Ы: № 5

Өткен күні: 18 қыркүйек

Уақыты: 13.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» кітапханасы

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен Кітап оқу, оқуды ілгерілету кітап оқу сағаты ұйымдастырылды. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге», деп ұлы Абай атамыз айтқандай, кітап адам баласына бала кезінен бастап, өмірінің соңына дейін сырлас досы бола алады. Бұл сайыс оқырмандардың білімін шыңдап, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталды.

Мақсаты: туған тілімізді сүйуге, туған елін, жерін құрметтеуге, жан-жақты білімділікке, кітапқұмарлыққа баулу. Оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін насихаттау, жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

Кітап оқу, оқуды ілгерілету

Мақсаты: туған тілімізді сүйуге, туған елін, жерін құрметтеуге, жан-жақты білімділікке, кітапқұмарлыққа баулу.

Кітапханашы: «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге», деп ұлы Абай атамыз айтқандай, кітап адам баласына бала кезінен бастап, өмірінің соңына дейін сырлас досы бола алады. Бүгінгі «Кітап –білім бұлағы» атты сайысымыз 3-4 сынып оқушыларының кітапханамен қарым қатынасы, кітап оқу арқылы кімнің білімімен білігі артық екенін анықтау.

Бүгінгі сайысымыз екі бөлімнен тұрады.

I. Жұмбақ шешіп, мақал айту

II. «Кітап білім бұлағы» Сұрақтарға жауап беру

Кітапханашы:

Адамның досы – кітап, өмір кілті,

Тең келмес оған жиған мүлкі.

Ақылшы, жанға серік жол бастаушы,

Ақыл ой, қазынасы, өмір көркі.-дегендей

Ортаға сынып оқушыларын шақырамыз.

I. Жұмбақ шешіп, мақал айту

Сайыскерлерге жұмбақ айтылады, жұмбақты шешіп, сол сөзге мақал мәтел айтады.

1.Басына үлпілдеген таққан шашақ,

Бұралып талшыбықтай тұрған жасап./қамыс/

Қоянды қамыс өлтіреді,

Ерді намыс өлтіреді.

2.Екі бала қатар тұрса да,бірін бірі көрмейді. /көз/

Көз қорқақ ,қол батыр.

3.Кішкентай ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар./қой/

Қонақ қойдан жуас.

Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.

4.Өзі тоқ, көлеңкесі жоқ /құдық/

Оқу- инемен құдық қазғандай

Өзің су ішетін құдығыңа түкірме.

5.Тілі бар,үні жоқ,

Өзін адам түсінген.

Жүрегі бар да, қаны жоқ

Сөйлеп тұрған ішінен /кітап/

Кітапсыз білім жоқ,

Білімсіз күнің жоқ.

6. Сылдыр сылдыр су емес,

Ішсең сусын қанады.

Ақ болса да қар емес,

Шешуін кім табады ? /айран/

Айран ішкен құтылар,

Шелек жалаған тұтылар

7.Басқан ізі жоқ.

Сойса қаны жоқ /қайық/

Тәуекел түбі –желқайық,

Мінерсің де өтесін

8.Сөзі дана, үні жоқ,

Сөйлемейді, тілі жоқ.

Қолына алсаң – шешен,

Ақылы асқан көсем /кітап/

Кітап- білім бұлағы

Білім –өмір шырағы

II. «Кітап білім бұлағы» Сұрақтарға жауап беру

1.Қазақтың билерін ата (Аяз би, майқы би, Бала би т.б)

2.Қазақта қуанышты хабар жеткізушінің алғашқы сөзі қалай басталады.
(Сүйінші)

4.Кітапхана дегеніміз? (оқырмандарға кітапты беріп және сақтайтын орын)

5.Уақыт өлшемін ең кішісінен бастап айтып бер (секунд, минут, сағат, тәулік, апта, ай, жыл, ғасыр, дәуір)

6.Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесің? (асық, көкпар, орамал тастамақ, ақсүйек т.б)

7. 23 сәуір қандай мереке? (Халықаралық кітап күні)

8.Кітап кім үшін жазылады? (оқырман)

9.Қазақтың атақты жырауларын ата (Қазтуған Бұқар, Жиымбет Сыпыра, Шалкиіз)

10. Қазақша апта аттарын атап шық (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі)

Кітапханашы: Кітапты оқи отырып, адамның ішкі рухани жан дүниесі артады. Айналадағы өмірмен, адамның еңбегімен, құрбы-құрдастарымен танысып, жақсы болуға, жақсылық іс істеуге құштарландыратын осы құрал - кітап. Кітап – қарым - қатынастың, еңбектің, күрестің құдіретті құралы. Кітап - білім бұлағы деп бекер айтылмаған.

Қош, сау болыңыздар!

Сайыс соңында жеңімпаз топты анықтап , марапаттау.

Кітап оқу, оқуды ілгерілету кітап оқу сағатының

МӘЛІМЕТІ

18 қыркүйек «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен, Кітап оқу, оқуды ілгерілету кітап оқу сағаты ұйымдастырылды. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге», деп ұлы Абай атамыз айтқандай, кітап адам баласына бала кезінен бастап, өмірінің соңына дейін сырлас досы бола алады. Бұл сайыс оқырмандардың білімін шыңдап, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталды.

Мақсаты: туған тілімізді сүйуге, туған елін, жерін құрметтеуге, жан-жақты білімділікке, кітапқұмарлыққа баулу. Оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін насихаттау, жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.



«Отбасы күні»

Х А Т Т А М А С Ы: № 6

Өткен күні: 25 қыркүйек

Уақыты: 13.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» кітапханасы

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасында «Отбасы күні» мерекесіне орай Отбасылық сайыс ұйымдастырылды. Отбасы – халқымыз үшін қасиетті ұғым. Әр адам, ең алдымен, өзінің қастерлі шаңырағында тұлға ретінде қалыптасады, үлгі-өнеге алып, нағыз азаматқа тән игі қасиеттерді бойына сіңіреді. Отбасында көрген тәлім-тәрбиенің арқасында елімізде отаншыл, еңбекқор, білімді және мәдениетті ұрпақ өсіп шығады. Сондықтан біз бәріміз бір ел болып халқымыздың салт-дәстүрі мен қазіргі замандағы озық көзқарасы үйлесім тапқан отбасы құндылықтарын сақтап, оны нығайтып, жан-жақты насихаттауымыз керек.

Мақсаты: отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен баланың арасындағы қатынасты тәрбиелеу, оқушылардың бойында отбасына деген сүйіспеншілікті тудыру.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

«Отбасы күні

Мақсаты: Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата – анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру.

Көрнекілігі: фото стенділер, даналық сөздер, безендірулер, слайд, бейнероликтер.

I жүргізуші: Отбасы өнегесін алып өскен ұрпақ болашағына зор сеніммен қарайды.

II жүргізуші: Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаға бейімделіп, ықпалына көніп ер жетеді.

I жүргізуші: Міне, бүгінгі мерекелік шарамыздың «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» деп аталуы да үлкен мақтаныш.

II жүргізуші: Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға – ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші ата – ана.

I жүргізуші: Әрине, ананың ыстық аялы алақаны, әкенің асқар таудай биік тұлғасын, зерделі ой – мақсатын кейінгі ұрпаққа жалғастыру қандай бақыт!

II жүргізуші: Отбасы құндылығын арттыру, берген тәрбиесін бойымызға дарыту, жақсы қасиеттерін үлгі ету перзенттік парызымыз емес пе?

I жүргізуші: Қадірлі де құрметті ата – аналарымыз туралы жүректен шыққан маржан жырларын тарту етіп, ұланғайыр сезім иірімдерін арқау етіп, жырлаған ақын жазушыларымыз аз емес.

Баршаңызды отбасылар мерекесімен құттықтап, өз жүрегінен шыққан «Отбасым – менің бақытым» атты жыр туындысын ала келген 9 сынып оқушысы Халиланы сіздердің қошеметтеріңізбен ортаға шақырамыз.

(Өз өлеңін оқиды)

II жүргізуші: Ал енді оқушылар! Отбасы, ата – ана, бала, ата – әже туралы мақал – мәтелдерді еске түсіріп, әркез оларды қастерлеп жүру үшін тренингке кезек берейік. (Оқушылар шеңбер болып тұрып, музыка ырғағымен сиқырлы қорапты бір - біріне ұсынады. Музыка тоқтағанда қорапша кімнің қолында қалса сол оқушы отбасы туралы мақал айтады.)

I жүргізуші: Дүниеде не тең келер анаға,

Туған одан батыр, ғалым, дана да.

Бар өмірін арнайтуғын балаға,

Ата – ананы жырламаққа бола ма? – дей келе жалынды жыр шумақтарымен кішкентай бүлдіршіндерімізді ортаға шақырамыз.

(Бүлдіршіндер әке, ана, ата – әже туралы өлеңдер оқиды.)

II жүргізуші: О, ата – анам,

Таянышым, тірегім!

Бар бақытты бір басыңа тіледім.

Бізді жақсы болса екен деп қашанда

Лүпілдейді сенің қамқор жүрегің.

Кезекті оқушыларға береміз.

(оқушылар өз отбасы туралы презентация жасайды)

I жүргізуші: Отбасы – шағын мемлекет, қоғамның негізі болып табылады. Өйткені мемлекетіміздің дамуына өркендеп өсіп – өнуіне үлес қосатын болашақ негізі әр отбасының жемісі.

Олай болса, отбасы туралы өз құндылықтарымызды, ой – пікірімізді «Шынын айтсам...» атты тренинг арқылы өрбітейік.

Мен шынын айтсам... Отбасым – маған өте қымбат, өйткені біз мейірімдіміз.

Мен шынын айтсам... Ата – анамды әркез мақтан тұтамын, өйткені мен олардың болашағымын.

Мен шынын айтсам...

Баршаңызды мерекемен құттықтап 2 сынып оқушылары би өнерлерін көрсетеді.

II жүргізуші: - Балалар, енді әр отбасында күн өмір сүреді деп көз алдымызға елестетейік, осы күннің шуағы сөнбес үшін отбасында қандай жақсы қарым – қатынастар болуы қажет деп ойлайсыздар?

(Балалар күн шуақты достық мейірімділік, сыйластық, жылылық, қамқорлық т. б. деп құрастырады)

I жүргізуші: Құрметті мереке қонақтары, ұстаздар, оқушылар! Отбасы құндылықтарын әркез құрметтейік, әр отбасында сүйіспеншілік, татулық, бірлік болсын!

«Отбасы күні»

М Ә Л І М Е Т

25 қыркүйек «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасында «Отбасы күні» мерекесіне орай Отбасылық сайыс ұйымдастырылды. Отбасы – халқымыз үшін қасиетті ұғым. Әр адам, ең алдымен, өзінің қастерлі шаңырағында тұлға ретінде қалыптасады, үлгі-өнеге алып, нағыз азаматқа тән игі қасиеттерді бойына сіңіреді. Отбасында көрген тәлім-тәрбиенің арқасында елімізде отаншыл, еңбекқор, білімді және мәдениетті ұрпақ өсіп шығады. Сондықтан біз бәріміз бір ел болып халқымыздың салт-дәстүрі мен қазіргі замандағы озық көзқарасы үйлесім тапқан отбасы құндылықтарын сақтап, оны нығайтып, жан-жақты насихаттауымыз керек.

Мақсаты: отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен баланың арасындағы қатынасты тәрбиелеу, оқушылардың бойында отбасына деген сүйіспеншілікті тудыру.



5 қазан - Ұстаздар күні

Х А Т Т А М А С Ы: № 7

Өткен күні: 3 қазан

Уақыты: 13.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен **5 қазан - Ұстаздар күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырды.** Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытатын ұстазға деген халқымыздың құрметі қашан да ерекше. Өйткені, қоғамның басты байлығы - адам болса, сол "адамның адамшылығы жақсы ұстаздан" деген дана Абай.

Мақсаты: Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

5 қазан - Ұстаздар күні мерекесінің

СЦЕНАРИЙІ

Жүргізуші:

— Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар. Бүгінгі ұстаздар мерекесі қарсаңында өткелі отырған. «Ұстаз — мектептің жүрегі» атты мерекелік кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер

Ұстаздық өте жауапты мамандық екені баршамызға белгілі. Ол – мектептің де, қоғамның да, ғылымның да, білімнің де, ұлттың да, адамгершілік пен ерліктің де, жақсы мінез бен ақындықтың да нағыз жанды өкілі. Үнемі бала көзінде болу, әрдайым жинақы, таза, әдепті жүруді талап етеді. Кез келген уақытта шәкірттің қандай да болсын сұрағына білімділікпен жауап беруге тура келеді. Оған нақты, дәлелді, сенімді, көркем, жүйелі, тартымды сөйлеу керек. Ұстаздың әділдігі, адалдығы, батылдығы, мінез сұлулығы, іс пен сөз бірлігі, шыншылдығы, ұстамдылығы күн сайын балалар тарапынан баға алып отырады.

Жүргізуші:

Ия, бүгін сол, мектептің айнасы, бәйтерегі, ұстаздар қауымының төл мерекесі. Олай болса, бүгінгі күн ұстаздарға арналмақ.

Ақырын жүріп анық бас.

Еңбегің кетпес далаға

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға,

– деп Абай атамыз айтқандай, шәкірттерінің өзінен озғанын калаған ұстаздар қауымы... Мерекелеріңіз құтты болсын!

Ән: «Ұстазыма»

Жүргізуші:

Мұғалім: – Мұғалім еңбегінің әлеуметтік мәніне, елдің мәдени өміріндегі белсенді рөліне кезінде қазақ зиялылары көп көңіл бөлген. Ахмет Байтұрсынұлы “Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді, басқа кемшілігі

болса, мұғалімнің жақсылығы жабады, білдірмейді” – деген болатын.
Мұғалім білім нәрін себуші.

Жүргізуші:

— Сіздер қалай ойлайсыздар, құрметті қонақтар, менің ойымша, кез-келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі ұстаздық – өнер, тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез-келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген сөз тегін айтылмаса керек.

Жүргізуші:

Асыға сәлем жолдап жүректен біз
Бірге өсіп ен жайлаған ұл менен қыз,
Тәтті күй, асқақ ән мен әсем биді,
Сіздерге тарту етіп ұсынамыз.

Ән: «Мұғалім – ол біздің»

Жүргізуші: Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан ұлағатты ұстаздар сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Осымен ұстаздарға арналған мерекелік кешіміз аяқталды. Сау болыңыздар!

5 қазан - Ұстаздар күні мерекесінің

МӘЛІМЕТІ

3 қазан күні «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен **5 қазан - Ұстаздар күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырды.** Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытатын ұстазға деген халқымыздың құрметі қашан да ерекше. Өйткені, қоғамның басты байлығы - адам болса, сол "адамның адамшылығы жақсы ұстаздан" деген дана Абай.

Мақсаты: Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.

*«Ұстаз
сізге мың
алғыс»*



**24 қазан кітапханашылар күніне орай,
Мен кітапханашымын кітапханада бір күн**

Х А Т Т А М А С Ы: № 8

Өткен күні: 21 қазан

Уақыты: 13.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен 24 қазан кітапханашылар күніне орай, Мен кітапханашымын кітапханада бір күн атты ақпараттық сағат болып өтті.

Халқымыз өнер мен білімді қадірлеген. Бүгінгі таңда барлық адамзат алдында тұрған басты мақсат білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ал ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан. Кітапхана-білімнің күн шуағы десек, «Ізденсем, білсем» деген балаға кітапхананың есігі әрқашан да ашық. Ата-бабамыз кітапты ерекше ақылшы, ұстаз санаған. «Кітап-білім бұлағы, Білім-өмір шырағы» деген қанатты сөз қалдырған. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деп Абай Құнанбайұлы айтпақшы адам баласы үшін кітап – тілсіз тәрбиеші. Кітап адам баласына бала кезінен бастап өмірінің соңына дейін сырлас дос бола алады.

Мақсаты: Жастарды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, олардың қызығушылығын арттыруға, талғамына, таңдауына, қажетті тақырыптарын тауып беруге, әдебиеттерді іріктеуге көмек көрсету, оқуға деген көзқарасын ояту.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

24 қазан кітапханашылар күніне орай, Мен кітапханашымын кітапханада бір күн

Мақсаты: Кітапхана – біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз, өйткені өткен заман өрнектеріндей тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерін де содан табамыз.

Сондықтан біз, мектеп кітапханашылары, білімнің бастауы – кітап дей отырып, кітап мәртебесін көтерумен бірге, елімізде болып жатқан әрбір оқиғалардың насихатшысы екендігімізді көрсетуіміз керек.

Жүргізуші

Армыздар ұстаздар, кітап жанашырлары! «Кітапхана – білімнің күншуағы» атты кітапханашылардың төл мерекесіне арналған мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Кітап – нәзік те, тұнық әлем. Кітап – білімнің түпсіз аспаны, терең бастауы. Ұлтымыздың мерейі мен деңгейі, қоғам мен мемлекетіміздің өркенін өсіруде қыруар пайда келтіретін осынау рухани қазынамыз – кітап. Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «XXI ғасырда мәдениеттің, ғылым мен білімнің қайнар көзі – кітапхана» — деп атап өтті.

Жүргізуші

Кітап – біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз. Өткен замандардың тұңғыық тереңінен сыр шертетін тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерін де кітапханадан табамыз. Кітапхана – оқырманмен кітап арасындағы негізгі алтын көпір. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашылар. Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан –тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз.

Сіздердің құрметтеріңізге ән шашуымызды қабыл алыңыздар!

Ән: «Ұстазым»

Жүргізуші

Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – ең қажет, абыройлы мамандық иелері. Кітапханашылар білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалауда.

Эстетикалық талғамы бай, ойы зерек, қиялы жүйрік, өзінің кәсіби шеберлігін шындаған, оқырмандарға білім мен қажетті ақпараттың тиімдісін демдеп

беріп отырған, ой-өрісі кең, жан-жақты, білімді, парасатты кітапханашылардың орны да өзінше бір бөлек.

Кітап – атадан қалған асыл мұра, көненің көзі, ескінің сөзі. Ол – мәңгілікке сапар шеккен ақыл ескерткіші. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтың сөзімен айтқанда, «Кітап – әр адамның өмірлік досы». Олай болса кітапты өзіне сенімді дос еткен, кітапханамыздың жанашыр оқырмандарына кезек береміз.

Жүргізуші

Ойшылдар мен білімпаздар мекені

Бәріңе аян кітапхана екені.

Кітаппен дос болуға баулитын

Кітапханашы мұнда қызмет етеді.

Өмір мәні өнер менен білімде,

Құштар болсаң көп құмартып білуге.

Қарсы алып сені дәйім күлімдеп,

Жөнін айтып жол нұсқайды білімге. –деп ақын ағаларымыз жыр өрнектеген, кітапханашы апайлар тағыда төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын Сіздердің құрметтеріңізге «Әкем, анам» әнін қабыл алыңыздар .

Жүргізуші

Кітапханашы мамандығы өзінің өте қызықты да, тартылымдылығымен ерекшеленеді. Себебі күн сайын жаңалыққа толы сәттер, яғни жаңа келген газет-журналдар, жаңа кітаптар және күн сайын келіп кітап алып жатқан оқушы, мұғалімдер легі т.б. осылай жұмыс күні жалғасып жатады.

Кітапханашының жұмысы жаңалыққа құмарлықтан басталады. Сондықтан кітапханашы — ой-өрісі мықты, білімді, өз ісінің шебері.

Жүргізуші

« Мереке» әнін қабыл алыңыздар

Жүргізуші

Уақыт өзгертсе де мағынасын,

Жаңа ғасыр дамыса да құйын –жасын.

Кітапхана сақтаушы боп қала берер,

Ұлтымыздың мәдени қазынасын. – дей келе мектеп кітапханасында еңбек етіп жүрген кітапханашы әріптестерімізге кітапхана жұмысының сан қилы әдістерін меңгеріп, кәсіби шеберліктеріңді одан әрі шыңдап, білімді де білікті маман ретінде оқырман көңілінен шығып, олардың талаптарын

қанағаттандыру бағытында еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз. Бүгінгі «Кітапхана – білімнің күн шуағы» атты мерекелік кешімізді аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар!

**24 қазан кітапханашылар күніне орай,
Мен кітапханашымын кітапханада бір күн**

МӘЛІМЕТІ

21 қазан күні «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен. Мен кітапханашымын кітапханада бір күн атты ақпараттық сағат болып өтті. Халқымыз өнер мен білімді қадірлеген. Бүгінгі таңда барлық адамзат алдында тұрған басты мақсат білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ал ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан. Кітапхана-білімнің күн шуағы десек, «Ізденсем, білсем» деген балаға кітапхананың есігі әрқашан да ашық. Ата-бабамыз кітапты ерекше ақылшы, ұстаз санаған. «Кітап-білім бұлағы, Білім-өмір шырағы» деген қанатты сөз қалдырған. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деп Абай Құнанбайұлы айтпақшы адам баласы үшін кітап – тілсіз тәрбиеші. Кітап адам баласына бала кезінен бастап өмірінің соңына дейін сырлас дос бола алады.

Мақсаты: Жастарды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, олардың қызығушылығын арттыруға, талғамына, таңдауына, қажетті тақырыптарын тауып беруге, әдебиеттерді іріктеуге көмек көрсету, оқуға деген көзқарасын ояту.



25 қазан – Республика күні
«Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем»

Х А Т Т А М А С Ы: № 9

Өткен күні: 23 қазан

Уақыты: 12.00

Өткізілген орны: «ЕР-АЙ-БИ» мектебі кітапханасы

Қатысқандар саны: 20

«ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен 25 қазан – Республика күніне орай кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесінде мемлекет және құқық тарихы, Қазақстанның құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуы туралы әдебиеттер, сондай-ақ еліміздің егемендік тарихындағы айтулы сәттерді баяндап, өткен тарихымыздың жарқын жақтарын көрсететін мемлекеттің құрылу кезеңдеріне сәйкес материалдар ұсынылған.

Мақсаты: Оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеу. Елін, жерін, Отанын, ана тілін сүйге ықпал ету. Оқушыларға Қазақстан туралы, Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы мәлімет беру, Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

25 қазан – Республика күні
«Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем!»

Мақсаты:

- Оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.
- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Аударып жұрттың назарын,
Бардың да көрген базарын.
Жоқтың да көрген азабын,
Даладай дала Қазағым!
Алты алаштың арманы болған,
Арда елдің айбары болған,
Ең ұлық мереке Республика күні құтты болсын!!!

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар, бүгінгі Республика күніне арналған «Республика! Ерікті ел Қазақстан» атты мерекелік салтанатты кешке қош келдіңіздер!!!

Ақжайық, Алтай арасы,
Қазақтың шалқар даласы.
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай,
Қырманы асқар таулардай.
Республикама қарашы!

1993 жылдың 25 қазан күні ҚазССР-нің мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация қабылданып, 2001 жылы Республика күні деп жалпақ жұртқа жария еткен болатын. 8 жыл өткен соң мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталып, арада 13 жыл өткен соң мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен бұл мейрам ұлттық мереке ретінде қайта тойланатын болды.

Жүргізуші:

Азат өлкем күндей күлген шығыстан,
Асыл елім жан - жүректі ұғысқан.
Ата бабам аңсап өткен бақытым,
Айналайын, Қазақстан - Гүлстан!
Би «Отаным – қазақ елі».

Жүргізуші:

Қазақпын, еңселі елмін егеменді,
Кеңейттім кең әлемге керегемді.
Мұхиттың ар жағында жатқан жұрттар
Таныды тепе-тең деп тереземді.
Қазақпын, қойнауы-құт, жері-дархан,
Әнімді бес құрлықтың бәрінде айтам. Ән «Егемен Қазақстан».

Жүргізуші:

Қызыл бұлттай көрсең қырдың гүлдерін,
Көрсең ашық Ала таудың күндерін.
Жерінде гүл, көгінде күн бір жүзген,
Ұлан байтақ Республикам бұл менің – дей келе бүгінгі 25 қазан – Республика күніне арналған ұлттық мерекелік салтанаттыымыз аяқталды. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар! Туған жеріміздің тұғыры мәңгі биік болсын!

25 қазан – Республика күні
«Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем!»

МӘЛІМЕТ

23 қазан «ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен **25 қазан – Республика күніне орай кітап көрмесі** ұйымдастырылды. Кітап көрмесінде мемлекет және құқық тарихы, Қазақстанның құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуы туралы әдебиеттер, сондай-ақ еліміздің егемендік тарихындағы айтулы сәттерді баяндап, өткен тарихымыздың жарқын жақтарын көрсететін мемлекеттің құрылу кезеңдеріне сәйкес материалдар ұсынылған.

Мақсаты: Оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеу. Елін, жерін, Отанын, ана тілін сүйуге ықпал ету. Оқушыларға Қазақстан туралы, Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы мәлімет беру, Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау.



«Кітап оқығанды ұнатасыңба?»

Х А Т Т А М А С Ы: № 10

Өткен күні: 11 қараша

Уақыты: 13.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен «Кітап оқығанды ұнатасыңба?» атты сауалнамасы жүргізілді. Оның бір бағыты - мектеп оқушылары кітап беттерін қаншалықты жиі парақтайтынын сауалнама арқылы анықтау. Оқырманның кітап оқуға деген қызығушылығын, және қандай жанрда ұнайтынын анықтауға бағытталған сауалнама. Кітап оқу — адамның ой-өрісін кеңейтіп, білімін арттыратын маңызды әрекеттердің бірі.

Мақсаты: Оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың жасалу жолы туралы түсінік беру. Зейінін шоғырландыру, шығармашылық қабілетін, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту.

Оқулықты құрметтей білуге, ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

Оқушыларға арналған сауалнама. АТҮІ-жөні:

1. Сізге қаншалықты жиі дауыстап оқылады?

- А) Күн сайын
- Б) Аптасына бір рет
- В) Айына бір рет
- Г) Ешқашан

2. Саған дауыстап оқиды:

- А) Сіздің өтінішіңіз бойынша
- Б) Өз қалауы бойынша
- В) Оқымайды

3. Ата-анаңмен оқылған кітаптың мазмұнын талқылайсың ба?

- А) Иә Б) Жок

4. Сіздің жеке үй кітапхананыз бар ма?

- А) Иә Б) Жок

5. Сізге соңғы рет оқылған кітапты атаңыз?

6. Сен оқығанды ұнатасың ба?

- А) Иә Б) Жок

7. Сізге қайсысы көбірек ұнайды?

- А) Өзім оқимын(а)
- Б) Ересектердің оқуын тыңдау

8. Қандай кітаптарды оқығанды ұнатасың?

- А) Ертегілер
- Ә) Әңгімелер
- В) Өлеңдер

Д)

Басқа: _____

9. Өзіңіз оқисыз ба?

А) Иә Б) Жоқ

10. Сіз өзіңізді жақсы оқимын деп ойлайсыз ба?

А) Иә Б) Жоқ В) Білмеймін

11. Кітапханаларға барасыз ба?

А) Мектеп

Б) Аудандық

В) Жоқ

12. Ақпаратты іздеу үшін компьютерді қолданасыз ба?

А) Иә Б) Жоқ В) Білмеймін

«Кітап оқығанды ұнатасыңба?» атты сауалнаманың

МӘЛІМЕТІ

11 қараша күні «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен «Кітап оқығанды ұнатасыңба?» атты сауалнамасы жүргізілді. Оның бір бағыты - мектеп оқушылары кітап беттерін қаншалықты жиі парақтайтынын сауалнама арқылы анықтау. Оқырманның кітап оқуға деген қызығушылығын, және қандай жанрда ұнайтынын анықтауға бағытталған сауалнама. Кітап оқу — адамның ой-өрісін кеңейтіп, білімін арттыратын маңызды әрекеттердің бірі.

Мақсаты: Оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың жасалу жолы туралы түсінік беру. Зейінін шоғырландыру, шығармашылық қабілетін, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту. Оқулықты құрметтей білуге, ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.



**Оқуға
құштар мектеп**



**16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай
«Менің Отаным Тәуелсіз Қазақстан» кітап көрмесі**

Х А Т Т А М А С Ы: № 11

Өткен күні: 13 желтоқсан

Уақыты: 13.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен 13 желтоқсан күні, **16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Менің Отаным Тәуелсіз Қазақстан» кітап көрмесі болып өтті.** Кітап көрмесіне әрбір қазақстандықтың тағдырында бетбұрыс болған Желтоқсан оқиғасын бейнелейтін материалдар мен еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап, алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасалып, тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан қаламгерлердің жазған туындылары қойылып, оқырмандарға таныстырылды.

Мақсаты: Оқырмандардың туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, тіліміз бен тарихымызға құрметпен карауға тәрбиелеу; оқырмандарды Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресімен, қол жеткен жетістіктерімен қысқаша таныстыру. Қаншама құрбандықпен қол жеткен тәуелсіздігімізді құрметтей, қастерлей білуге тәрбиелеу, Қазақстанның келешегі үшін аянбай күресуге және еңбек етуге баулу. Патриоттық тәрбие беру.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

**16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай
«Менің Отаным Тәуелсіз Қазақстан» кітап көрмесі**

Мақсаты:

Оқырмандардың туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, тіліміз бен тарихымызға құрметпен қарауға тәрбиелеу; оқырмандарды Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресімен, қол жеткен жетістіктерімен қысқаша таныстыру. Қаншама құрбандықпен қол жеткен тәуелсіздігімізді құрметтей, қастерлей білуге тәрбиелеу, Қазақстанның келешегі үшін аянбай күресуге және еңбек етуге баулу. Патриоттық тәрбие беру.

Тарихымыздан белгілі 1991 жылғы 16-желтоқсанда «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі» туралы Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік – халқымыздың мәңгілік құндылығы. Бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік.

Біз – бақытты ұрпақпыз... Себебі, ата-бабамыз көрген шапқыншылықты, табаны тілім-тілім болған басқыншылықты, бір түйір дәнге зәру болған аштықты, талай адамның жанын, жақынын алған сұм соғысты мына біздер, жас ұрпақ көргеніміз жоқ. Бейбіт өмірмен қатар, аталарым армандаған, өз қолы жетпесе де келер ұрпағы үшін күрескен, қазып қалсаң асты қазынаға толы кең байтақ жерді, бай тілді, тәрбиеге тұнып тұрған салт-дәстүрді, ең бастысы тәуелсіздіктің тәтті дәмін татып жатқан жарқын ұрпақпыз.

Тәуелсіздік – Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін **Тәуелсіздік** күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезенді бастан кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», -деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр.

Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Бүгінде біз – көк туымыз желбіреп, қанатын кеңге жайған егеменді елміз.

Тәуелсіздік туының желбірегеніне де, міне, 29 жыл толады.

Аз ғана мерзімде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізген, парасатты да көреген саясатының нәтижесі ретінде орнады. Экономикасы дамып, халықтың жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге жетті. Өзге елдермен арадағы қарым-

катынастар реттеліп, халықаралық саудаға шығуға мүмкіндік алды. Жастардың шет елдерде оқуға, сол жерде алған білімін Отанында қолдануға мүмкіндіктері пайда болды. Қазіргі таңда спорттан ұйымдастырылатын олимпиада, спорттық ойындарда қазақстандық бауырларымыз жоғары орындардан көрініп, ел беделін көтеруде, еліміздің әнұраны бүкіл әлем алдында жиі ойнатылып, Қазақстан деген мемлекет күннен-күнге әлем үшін жаңа белестерден көрінуде.

Осы жиырма тоғыз жылдықта қазақ елі көптеген жетістікке жетті. Өз туымызды көкке желбіреткен олимпиада жеңістері, төл теңгеміздің шығуы, ЭКСПО көрмесінің өту беделіне ие болуымыз, егемен еліміздің айбынын асқақтата түсті. Мемлекетіміз әлемге өзін мойындату жолында өз алдына қарыштап дамуды мақсат етті. Сол мақсатқа жетіп, қазір әлем таныған алпауыт мемлекеттермен тереземіз теңелді. Ең алдымен, жер көлемі жөнінен тоғызыншы орынды иеленген Қазақстан көпұлттылығымен аты шықты. Алтайдан-Атырауға дейін созылып жатқан жерді иемденген қазақ халқы қашан да бауырмал. Әр кезеңдерде елімізден пана іздеп келген жат жұрттардың бәрін бауырына басып, төрінен орын беріп, қандай қиын кезеңдердің өзінде бір үзім нанды бөліп жеді. Бүгінде елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының алғашқы съезі Н.Назарбаевтың бастамасымен 2003 жылғы 23-24 қыркүйек күндері Астанада өтті. Астанадағы алғашқы діни форумның жұмысына ислам, христиандық, иудаизм, синтоизм, индуизм, буддизм діндерінің ең беделді өкілдері қатысты. Адамзат тарихында алғаш рет ірі діни қауымдастықтардың өкілдері бір залда бас қосты. Съезде христиандықтың барлық тармақтарының - православиенің, католицизмнің, протестанттықтың өкілдері болды. Ислам ойының басты орталықтары өздерінің өкілдерін жіберді, форумға сүннизм мен шииттік ағымдардың, ірі азиялық діндердің беделді қайраткерлері қатысты. Съезд өркениетаралық және мәдениетаралық диалогтың жаһандық үдерісіне зор үлес қосты және әлемге әртүрлі діндер мен ұлттардың адамдарының болашағы, бейбіт және лайықты өмірі игілігі үшін ынтымақтастық идеясына балама жоқ екенін көрсетті.

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан, біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Қазіргі бейбіт мемлекетте уайым-қайғысыз өмір сүріп жатқанымыз да осы тәуелсіздік арқасы деп айта аламыз.

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Менің Отаным Тәуелсіз Қазақстан» кітап көрмесі

МӘЛІМЕТІ

13 желтоқсан күні «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен **16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Менің Отаным Тәуелсіз Қазақстан» кітап көрмесі болып өтті.** Кітап көрмесіне әрбір қазақстандықтың тағдырында бетбұрыс болған Желтоқсан оқиғасын бейнелейтін материалдар мен еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап, алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасалып, тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан қаламгерлердің жазған туындылары қойылып, оқырмандарға таныстырылды.

Мақсаты: Оқырмандардың туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, тіліміз бен тарихымызға құрметпен қарауға тәрбиелеу; оқырмандарды Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресімен, қол жеткен жетістіктерімен қысқаша таныстыру. Қаншама құрбандықпен қол жеткен тәуелсіздігімізді құрметтей, қастерлей білуге тәрбиелеу, Қазақстанның келешегі үшін аянбай күресуге және еңбек етуге баулу. Патриоттық тәрбие беру.



2025 жылдың «Бір ел-бір кітап» Республикалық акциясы

Х А Т Т А М А С Ы: № 12

Өткен күні: 22 қаңтар

Уақыты: 12.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен 22-қаңтар күні, 2025 жылдың «Бір ел-бір кітап» Республикалық акциясы насихаталды. Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы 2007 жылдан бастап, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасының кітапханалық қауымдастығының ұйымдастыруымен өткізіліп келе жатқан үлкен жоба.

Мақсаты – жас ұрпаққа ақын шығармашылығын кеңінен таныстырып, оның өнегелі өмірі мен терең мағыналы туындылары арқылы оқырмандардың туған жерге, ұлт руханиятына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП - 2025» АКЦИЯСЫ

Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы 2007 жылдан бастап, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасының кітапханалық қауымдастығының ұйымдастыруымен жылма-жыл өткізіліп келе жатқан танымалдыққа ие жоба.

Республикалық акцияның мақсаты – қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, Қазақстанның әдеби мұрасын зерттеуге мүмкіндік туғызу, өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметін көтеру.

Жоба аясында осы жылдар ішінде мындаған түрлі форматта кездесулер, көрмелер, жаңа технологиялық ақпараттар арқылы виртуальды көрмелер, сайттар, челленджер, байқаулар ұйымдастырылып, оған миллиондаған аудитория тартылды. Құрамында елімізге белгілі ақын-жазушылар мен журналистер, кітапханашылары бар акцияның ұйымдастыру комитеті жылда отырыс өткізіп, өңір кітапханаларынан келген ұсыныстар мен оқырмандардың талғамын ескеріп, қазақ әдебиетінде есімі ұмытылып бара жатқан немесе мерейтойы тұспа-тұс келетін қаламгер шығармасын жыл бойы ел болып оқуға таңдайды.

2007 жылы Ұлы Абайдың қарасөзін оқудан бастаған акция бүгінде қазақ әдебиетінің ең таңдаулы 51 классик ақын-жазушысының үздік шығармаларын оқырман қауымға ұсынып, насихаттап келді.

2025 жылы ел болып оқитын кітапты таңдау барысында комиссия мүшелерінің ұсыныстары мен пікірлері тыңдалды, облыстық кітапханалар, оқырмандар және зиялы қауым өкілдері ұсынған шығармалар мен авторлар ескерілді. Оның ішінде биылғы Жеңістің 80 жылдығына орай майдан тақырыбына қалам тербеген авторлардың шығармалары, биыл мерейтойлары аталып өтетін қазақ қаламгерлерінің туындылары және барлық жастағы оқырмандардың сұранысын қанағаттандыратын кітаптар мен кітап авторлары ұсынылды.

Шараны қорытындалай келе, комиссия мүшелері қазақ әдебиетінің поэзия және проза жанрынан екі авторды оқуға шешім қабылдады. Проза жанры бойынша көпшілік дауыспен ұлтымыздың көрнекті жазушысы, ақын, сыншы, аудармашы, суреткер Тәкен Әлімқұловтың шығармаларын оқу ұсынылды. Поэзия жанры бойынша мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын, биыл 90 жылдық мерейтойы аталып өтетін Жұмекен Нәжімеденовтың шығармалары таңдалды.

Тәкен Әлімқұлов - ақын, жазушы, әдебиет сыншысы, 1918 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында дүниеге келген. Ол соғыстан кейінгі жылдары әдеби қызметпен айналысып, 1953 жылы М. Горький атындағы

әдеби институтты бітірді. Оның шығармашылығында поэтикалық жинақтар да, проза жанрындағы шығармалар да бар, олардың арасында «Ақбоз ат», «Күрең өзен», «Тұлпарлар тағдыры» сияқты кітаптар бар. Оның әдеби-сыни зерттеулеріне ерекше назар аудару керек, оның ішінде «О прошлом и настоящем» және «Жұмбақ жан. Абай туралы деректі хикая».

Әлімқұловтың шығармалары ел психологиясының тереңдігін, дәстүрлі мәдениеттің эпикалық кеңдігін, қоғамның дамуы үшін маңызды тарихи оқиғаларды бейнелейді. Әдебиеттанушы Қансейіт Әбдезұлының айтуынша, Әлімқұлов нағыз ұлы шығармаларды жасаған эпикалық прозаның шебері болған.

Жұмекен Нәжімеденов - ақын, жазушы, аудармашы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 1935 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Нәжімеденов өмір бойы өлең авторы ретінде ғана емес, талантты аудармашы ретінде де қазақ әдебиетінде терең із қалдырды. Оның алғашқы «Нива» өлеңдер жинағы 1961 жылы жарық көрді, ал оның поэтикалық шығармалары тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де танылды. Жұмекен Нәжімеденов сонымен қатар 2006 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы әнұранының авторларының бірі болып табылады. Оның шығармашылығы қазақ поэзиясын байытты. Ол бірқатар шетелдік ақындардың шығармаларын қазақ тіліне аударды. 2010 жылы Нәжімеденов «Менің Қазақстаным» өлеңдер мен поэмалар жинағы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

«Бір ел – бір кітап» акциясы аясындағы іс-шаралар оқырмандарға осы екі талантты автордың шығармалар әлеміне еруге мүмкіндік береді. Енді жыл бойы ел болып оқуға таңдалған екі автордың шығармалары көпшілік кітапханаларда түрлі форматтарда жан-жақты насихатталады, бұл Әлімқұлов пен Нәжімеденов шығармашылығының қазақ әдебиеті мен жалпы әлемдік мәдениет үшін маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Акцияға қосылып, өзіңіз үшін уақыт өте келе өзектілігін жоғалтпайтын және оқырмандармен жүрек тілінде сөйлесуді жалғастыратын бір дәуірдің екі керемет дауысын ашыңыз.

2025 жылдың «Бір ел-бір кітап» Республикалық акциясы

МӘЛІМЕТІ

22 қаңтар күні «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен, 2025 жылдың «Бір ел-бір кітап» Республикалық акциясы насихаталды. Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы 2007 жылдан бастап, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасының кітапханалық қауымдастығының ұйымдастыруымен өткізіліп келе жатқан үлкен жоба.

Мақсаты – жас ұрпаққа ақын шығармашылығын кеңінен таныстырып, оның өнегелі өмірі мен терең мағыналы туындылары арқылы оқырмандардың туған жерге, ұлт руханиятына деген сүйіспеншілігін арттыру.



**1-наурыз «Алғыс айту» күні
«Алғыс білдіру ең асыл сөз» кітап көрмесі**

Х А Т Т А М А С Ы: № 13

Өткен күні: 3 наурыз

Уақыты: 12.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен **1-наурыз «Алғыс айту»** күніне орай **«Алғыс білдіру ең асыл сөз»** атты кітап көрмесі болып өтті. Алғыс айту күні – бұл тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпұлтты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні. Тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзым белгісі.

Мақсаты: Білім алушыларға «1 наурыз- Алғыс айту күні» мерекесінің мәні туралы түсінік беру және ризашылық пен алғыс,сыйластық құндылығы туралы түсініктерін кеңейту,үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту,әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

1-наурыз «Алғыс айту» күні «Алғыс білдіру ең асыл сөз» кітап көрмесі

Алғыс айту күні 2016 жылдың 14 қаңтарында 1 наурыз елімізде Алғыс айту күні деп жарияланды. Бұл – Қазақстан халқын біріктіруге бағытталған, еліміздің тарихына құрмет көрсетіп, барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын күн. Азаматтардың бір-біріне құрмет көрсетіп, алғыс айтатын мереке. Қазіргі таңда отанымыздың түкпір-түкпірінде әртүрлі ұлт өкілдері ел ертеңіне үлес қосып, еңбек етіп, бейбіт өмір сүріп жатыр. Бүгінгі мерекеге орай, бұл мейрамның тарихы мен тағылымына назар аударып шолу жасап көрейік. Қазақстан халқы бұл мейрамды алғаш рет 2016 жылы атап өтті. Алғыс айту күнінің этносаралық өзара іс-қимылдың бірегей институты – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнімен сәйкес келуінің астарында терең мән бар. Өткен ғасыр ауыр нәубетпен сыналған ғасыр болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес режимі батыс шекарадағы халықтарды «сатқындық жасауы мүмкін» деген жаламен күштеп көшіре бастады. Бұдан бөлек Қиыр Шығыстағы азғантай корей диаспорасын да айдауға салды. Осы кезде қазақ даласына түрлі ұлттарды жаппай күштеп көшіру басталды.

1946 жылы Кеңес одағында жер аударылған халықтардың жалпы саны 2,5 миллионға жеткен. Кейбір деректерде үш миллионға жуықтаған деп көрсетіледі. Ал осының ішінде Қазақстан аумағына жер аударылғандары 1 миллион 200 мың адам екен. Алайда құжаттарға сүйеніп елімізге көшірілген халықтың нақты санын айту өте қиын. Себебі қоныс аударушыларды әр ай сайын қайта тіркеу, оның ішінде жаңадан қосылғандармен араластырып тіркеу, бір отбасын басқа жерге қайта көшіріп жіберу, туыстардың бөлініп кетуі, кейбір отбасының қайта қосылуы секілді жағдайлар өте көп кездесетін еді. Әр жылдары 800 мыңдай неміс, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 550 мың өкілдері, Қиыр Шығыстан 18,5 мың корей отбасы жер аударып, көшіп келуге мәжбүр болған деген деректер бар. Жер аударылғандар қазақ даласында көбіне егін шаруашылығымен, мал өсірумен айналысты. Кейін барлық өнеркәсіп саласына атсалысты. Бұл өз кезегінде Қазақстан экономикасының дамуына мол үлес қосты.

Кейін 1957 жылы күштеп жер аударылған халықтардың өз отандарына қайтуына рұқсат берілді. Соған қарамастан, олардың көбі қазақ жерінде қалып қойды. Кавказ халықтары мен немістерге, түріктерге ғана өз жерлеріне қайтуға мүмкіндік берілмеді. Жер аударылғандар Сталиннің өлімінен кейінгі Хрущевтің «жылымығы» жылдарында жағдай түзеле бастады. Осы кезде күштеп қоныс аударылған халықтардың қазақ жерінде туып-өскен жаңа буыны өсіп, өркендеді, олар әр салада кәсіп етті. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін де Қазақстанды өз отаны санайтын буын ел үшін қызмет етіп жатыр.

1-наурыз «Алғыс айту» күні
«Алғыс білдіру ең асыл сөз» кітап көрмесі

М Ә Л І М Е Т І

3 наурыз күні «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен **1-наурыз «Алғыс айту» күніне** орай **«Алғыс білдіру ең асыл сөз»** атты кітап көрмесі болып өтті. Алғыс айту күні – бұл тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпұлтты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні. Тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзым белгісі.

Мақсаты: Білім алушыларға «1 наурыз- Алғыс айту күні» мерекесінің мәні туралы түсінік беру және ризашылық пен алғыс, сыйластық құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.



23-сәуір «Ұлттық кітап күні» виртуалды кітап көрмесі

Х А Т Т А М А С Ы: № 14

Өткен күні: 2 сәуір

Уақыты: 12.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен 23-сәуір «Ұлттық кітап күні» виртуалды кітап көрмесі болып өтті. Кітап көрмесінде – кітап оқуды дәріптеп, оқу мәдениетін қалыптастыру, кітап нарығындағы жаңа өнімдерді көрсету, баспа саласындағы заманауи технологияларды таныстыру және халықаралық әріптестікті дамыту.

Мақсаты: кітап және оқырман арасындағы байланысты нығайтып, мәдени-рухани құндылықтарды қоғамға жан-жақты насихаттау, интеллектуалды жастарды ынталандыру.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

23-сәуір «Ұлттық кітап күні» виртуалды кітап көрмесі

Ұлттық кітап күнін атап өту мерекелік шара ғана емес, ол – оқырман қоғамын қалыптастыруға жасалған стратегиялық қадам. Бұл күн кітапхана саласының, баспа ісінің, авторлық еңбектің қоғамдағы маңызын көтеріп, рухани жаңғыру жолында маңызды рөл атқарады.

Ұлттық кітап күні – бүкіл қоғамның ортақ мейрамы. Бұл күн білімге, парасатқа, мәдениетке деген құрметтің көрінісі болып саналады. Кітап – адамзаттың ғасырлар бойғы жинақтаған даналығының жиынтығы. Оны ұлықтау болашаққа бастар жарқын жол екені айдай анық.

Бүгінгі қоғамды ақпарат тасқыны мен цифрлық технологияның дәуірі десек болады. Көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан заманда адам зейінін экрандар жаулап алуда. Әлеуметтік желілер, бейнеконтент, қысқа әрі тез тұтынылатын мәліметтер, барлығы оқырман назарын тез тартады. Бұл рас. Бірақ осы ортада кітаптың құндылығы төмендеді деу – тым үстірт көзқарас. Әлем елдері кітапқа деген құрметін жоғалтпады десек артық айтпаймыз. Қайта оны жаңаша форматта, жаңа деңгейде ұсынып отыр.

Германия, Норвегия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты технологиялық тұрғыдан озық елдерде баспа өнімдерінің саны кеміп жатқан жоқ, керісінше өсе түсуде. Бұл елдерде мектеп жасынан бастап кітап оқу мәдениеті қалыптасқан. Кітап дүкендері мәдениет ошақтары іспеттес. Қоғамдық орындарда, метро мен парктерде кітапқа шомып отырған адамдарды жиі көруге болады. Мұндай көрініс – жай ғана эстетика емес, білімге, терең ойға, сөзге деген құрметтің көрінісі.

Ұлт руханиятының өзегі – кітап

Қазір елімізде осы мәдениетті қалыптастыруға қатысты нақты істер қолға алынууда. Соңғы жылдары бірнеше ауқымды бағдарлама жүзеге асты:

- «100 жаңа оқулық» жобасы арқылы әлемдік деңгейдегі ғылыми-танымдық еңбектер қазақ тіліне аударылды. Гарвард, Оксфорд университеттерінің оқулықтары мен классикалық философиялық еңбектер енді қазақ жастарының қолында бар.

- «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында жыл сайын ел болып бір кітапты бірге оқу дәстүрі жалғасуда.

- Жеке баспалар да әлемдік бестселлерлерді, көркем әдебиетті сапалы аударып, оқырманға ұсынуда. Жапон жазушысы Харуки Мураками, америкалық классик Рэй Брэдбери, жапон менеджері Ичиро Кишими еңбектері және тағысын тағы. Қазақ тіліне аударылып жатқан кітаптар тізімінде көркем әдебиеттен бастап, ғылыми-танымдық, психология, философия, тарихи зерттеулерге дейін әртүрлі жанрдағы туындылар бар.

Мәселен, Джордж Оруэллдің «1984» романы, Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық», Харуки Муракамидің бірқатар шығармалары, Пауло Коэльоның «Алхимигі», Юваль Ной Хараридің «Sapiens» және «Homo Deus» атты еңбектері бүгінгі қазақ оқырманының сөресінен табылып отыр. Бұдан бөлек, өңірлерде кітап фестивальдері, кітапханаларды жаңғырту, оқырман клубтарын құру сияқты шаралар да қолға алынуда. Бұл — ел ішінде кітапқа деген сұраныстың артып келе жатқанының белгісі.

Кітап оқу – сән емес, сана деңгейі

Кітап оқу – рухани қажеттілік. Ол адамның сөздік қорын ғана емес, ойлау жүйесін, өзіндік пікір қалыптастыру қабілетін, өмірге көзқарасын өзгертеді. Әр оқылған шығарма жаңа әлемге ашылған терезе секілді. Балалар әдебиеті дамып келеді. Бұл өз кезегінде болашақ ұрпақтың оқырман болып қалыптасуына негіз бола алатын қуанышты үрдіс екені сөзсіз. Жаңа буын TikTok, Instagram, YouTube арқылы ақпарат тұтынуға үйреніп барады. Десе де бұл жаңашылдықтар кітаптың орнын алмастыра алмайтыны хақ. Кітаптың бір сәтке емес, өмір бойы әсер ететін рухани корек екенін түсінген жөн.

Кітапты ұлттың санасына әсер ететін құрал ретінде қабылдаған дұрыс. Классикалық әдебиеттің құнын түсірмей, заманауи тақырыптарға да бет бұру қазіргі оқырман сұранысын қанағаттандырудың жолы болып табылады. Кітап оқу мәдениетін қалыптастыруда кітапханалардың да рөлі маңызды. Қазіргі заман кітапханасы жай ғана кітап сақтайтын мекеме емес, оқырманмен жұмыс істейтін шығармашылық алаң болуы тиіс. Еліміздің кейбір кітапханалары жаңаша форматқа көшіп, жас оқырмандарды тарту үшін түрлі жобалар жасап жатыр. Мәселен, оқырман клубтары, әдеби кездесулер, шығармашылық шеберханалар ұйымдастыруда. Осы тектес жобалар баланы кітаппен «достастырып», оны өмірінің ажырамас бөлшегіне айналдыруға жол ашады.

Сол себепті Ұлттық кітап күнін ұлттық деңгейдегі үндеу деп қабылдау керек. Қоғамның әр мүшесін:

- Соңғы рет қандай кітап оқыдым?

- Бала-шағам не оқып жүр?

- Өзім үлгі бола алып жүрмін бе?-деген сұрақтар мазалауы қажет.

Оқырман ұлт – ойлы ұлт, ал ойлы ұлт – озатын ұлт. Тарихты да, болашақты да кітап жасайды. Сол себепті бізге керегі – кітаппен өмір сүретін сана қалыптастыру.

23-сәуір «Ұлттық кітап күні» виртуалды кітап көрмесінің

МӘЛІМЕТІ

2 сәуір күні «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен, 23-сәуір «Ұлттық кітап күні» виртуалды кітап көрмесі болып өтті. Кітап көрмесінде – кітап оқуды дәріптеп, оқу мәдениетін қалыптастыру, кітап нарығындағы жаңа өнімдерді көрсету, баспа саласындағы заманауи технологияларды таныстыру және халықаралық әріптестікті дамыту.

Мақсаты: кітап және оқырман арасындағы байланысты нығайтып, мәдени-рухани құндылықтарды қоғамға жан-жақты насихаттау, интеллектуалды жастарды ынталандыру.



**1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай
"Қазақстан достық мекені" кітап көрмесі**

Х А Т Т А М А С Ы: № 15

Өткен күні: 30 сәуір

Уақыты: 12.00

Өткізілген орны: «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ»

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының Ұйымдастыруымен, **1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай "Қазақстан достық мекені"** кітап көрмесі болып өтті. Көрмені таныстыру барысында кітапханашылар 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі туралы ақпарат беріп, мерекенің шығу тарихына шолу жасады. Көрмеге "Достық баға жетпес байлық", "Қазақстан — қарашаңырағым", "Народ Казахстана", "Қазақстан халықтарының Ассамблеясына 10 жыл", "Қазақстан халқы Ассамблеясы: алғашқы қадамдар", "Қазақстан халықтарының ұлттық киімдері" т.б. кітаптар қойылды.

Мақсаты; оқырмандарды Қазақстан аумағында тұратын барлық этностардың тарихымен және қазіргі өмірмен таныстыру, сондай-ак мәдениетін, дәстүрлерін мен өнерін дәріптеу.

Кітапханашы:



Д.Нурханова

1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай "Қазақстан достық мекені"

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі жақындап келеді. Бұл еліміздегі ең жарқын және мерейлі мейрамдардың бірі.

Қазақстан аумағында тұрып жатқан 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің киелі қара шаңырақта тату-тәтті өмір сүруі үшін береке мен ынтымақ, бірлік пен бейбітшілік аса қажет. Сондықтан бұл мейрамның маңызы зор.

Көктемнің соңғы айының бірінші күнін тойлау дәстүріне қандай тарихи оқиғалар себеп болды? Мерекенің кешегі өткен тарихына көз жүгіртсек, 1 мамыр мейрамын алғаш ойлап тапқан большевиктер, Чикагода ереуілге шыққан жұмысшылар емес екен. Мереке тарихының тамыры тереңде жатыр.

Үш мың жыл бұрын ежелгі Италия тұрғындары жердің қамқоршысы әйел құдай Майяға табынған. Соның құрметіне көктемнің соңғы айын «май» деп атап, осы айдың бірінші күнінде серуендер өткізіп, тойлар жасады.

1 мамыр мерекесінің тарихы Еңбекшілердің ынтымақтастығы күні ретінде 1889 жылдың шілдесінен атап өтіле басталды. 1886 жылдың 1 мамырында АҚШ-тың жұмысшылары 15-сағаттық жұмыс күніне қарсы ереуіл ұйымдастырып, зауыт басшыларынан жұмыс күнін 8 сағат деп белгілеуді талап еткен.

Наразылық білдіру әрекеттері 4 күнге созылды. Нәтижесінде, ереуілге қатысқан жүздеген адамдар тұтқындалып, алты жұмысшы мерт болды, 50 — жарақат алды. Жұмысшылар үшін тіпті мұның өзі кедергі болмады. 1889 жылдың маусымында Париждегі 2 Интернационалдың 1 Конгресі 1 мамырды - 8 сағаттық жұмыс күні үшін Халықаралық күрес күні немесе Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастық күні деп атау туралы шешім шығарды.

Ресей империясында бұл мейрам 1890 жылы жұмысшылардың ереуілге шығуы ретінде аталып өткен. Бір жылдан кейін Петербург қаласында бірінші «маевка» (еск.: төңкеріске дейінгі Ресейде — еңбекшілердің революциялық құпия жиналысы) ұйымдастырылды. 1897 жылдан бастап «маевкалар» саяси сипатқа ие болып, жаппай демонстрациялармен қатар өтті. 1917 жылдың 1 мамырында бұл мереке алғаш рет ашық тойланды. Елдің барлық қалаларындағы миллиондаған жұмысшылар Коммунистік партияның «Барлық билік кеңестерге берілсін!», «Министр-капиталисттердің көзі жойылсын!» деген плакаттарымен алаңға шықты.

Кенес Одағында Еңбекшілердің ынтымақтастық күні мемлекеттік мереке болып табылып, сән-салтанатпен атап өтілді. 1 және 2 мамыр күндері демалыс күндері болды. Қазіргі таңда Ресейде бұл мейрам өзінің бастапқы саяси мағынасынан айырылып, Көктем және еңбек күні болып саналады. 1 мамыр мерекесі 1990 жылы Еңбекшілердің ынтымақтастық күні ретінде тойланды.

Тәуелсіз Қазақстанда мейрам 1996 жылдан бастап тойланады. 1 мамырды Қазақстан халқының бірлігі күні деп жариялау туралы бұйрыққа Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жылдың 18 қазанында қол қойып, Еңбекшілер күнін тойлаудан бас тартты.

Бұл күні Қазақстан Республикасында тұратын халықтарды бірлікке, ынтымаққа ұйытатын мерекелік шаралар өткізіледі. Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. Елде 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір тудың астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. Қазақстан халқының бірлігі күні қалай атап өтіледі? Ән айтылып, би биленеді.

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне қатысқан адам бұл мейрамның ауқымын біледі. Мерекеге әртүрлі мәдени орталықтар атсалысады. Олардың мақсаты — Қазақстан халқын өзге халықтардың дәстүрлерімен таныстыру. Мейрамға еңбек ұжымжары, ЖОО студенттері, әртүрлі қоғамдық бірлестіктердің өкілдері белсенді қатысады.

Мерекенің ең бір жарқын көрінісі — этномәдени көрме. Орталық мәдениет және демалыс саябағының алдында (Астана қ.) Қазақстанда тұратын барлық ұлт пен ұлыс өкілдерінің ұлттық баспаналары тұрғызылады. Шағын музейлерден белгілі бір ұлтқа тән киім үлгілерін, үй заттарын, әшекейлерді көріп, ұлттық тағамдарының дәмін тата аласыздар.

Сонымен бірге, бұл күні Қазақстан музейлері мен кітапханалары Қазақстанда тұратын халықтарға арналған көрмелер ұйымдастырады. Мейрам Қазақстан халқын ел аумағында тұратын өзге ұлттардың мәдениеті және дәстүрлерімен таныстырып, ұлт тұтастығын нығайта түседі.

1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай "Қазақстан достық мекені" кітап көрмесі

МӘЛІМЕТІ

30 сәуір күні «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» мектебінің кітапханасының ұйымдастыруымен, **1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай "Қазақстан достық мекені" кітап көрмесі** болып өтті. Көрмені таныстыру барысында кітапханашылар 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі туралы ақпарат беріп, мерекенің шығу тарихына шолу жасады. Көрмеге "Достық баға жетпес байлық", "Қазақстан — қарашаңырағым", "Народ Казахстана", "Қазақстан халықтарының Ассамблеясына 10 жыл", "Қазақстан халқы Ассамблеясы: алғашқы қадамдар", "Қазақстан халықтарының ұлттық киімдері" т.б. кітаптар қойылды.

Мақсаты; оқырмандарды Қазақстан аумағында тұратын барлық этностардың тарихымен және қазіргі өмірмен таныстыру, сондай-ақ мәдениетін, дәстүрлерін мен өнерін дәріптеу.

